



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Диссертациялық кеңестің құрамын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығымен бекітілген Диссертациялық кеңес туралы үлгі ереженің 10 тармағына, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы (бұдан әрі – Академия) ректорының 2024 жылғы 19 желтоқсандағы № 830 бұйрығымен бекітілген Академиясының диссертациялық кеңесі туралы ереженің 2.8 тармағына және Ғылыми кеңесінің 2025 жылғы 26 қыркүйектегі № 1 хаттамасының шешіміне сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Академияда келесі Диссертациялық кеңес 3 (үш) күнтізбелік жыл мерзімге (2025-2027 жж.) құрылсын:

8D04113 - Мемлекеттік басқару («6D051000 - Мемлекеттік және жергілікті басқару»), 8D04114 - Экономика («6D050600 - Экономика») білім беру бағдарламалары бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор/білім беру бағдарламасы бойынша доктор дәрежесін беру үшін диссертацияларды қорғау бойынша Диссертациялық кеңес;

2. 8D04113 - Мемлекеттік басқару («6D051000 - Мемлекеттік және жергілікті басқару»), 8D04114 - Экономика («6D050600 - Экономика») білім беру бағдарламалары бойынша Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері келесі құрамда бекітілсін:

1) Жүнісбекова Гүлсара Әшірбайқызы – экономика ғылымдарының кандидаты, профессор, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Басқару институтының профессоры, Білім беру саясаты орталығының басшысы – Диссертациялық кеңес төрайымы;

2) Сулейменова Гүлімжан Кеншілікқызы, төрайым орынбасары – экономика ғылымдарының докторы, доцент, Мемлекеттік қызмет саласындағы өңірлік Хабтың әлеуетті күшейту бойынша маманы – Диссертациялық кеңес төрайымының орынбасары;

3) Мұсатаева Әсемгүл Аманғазықызы – «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор (доцент), ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару

академиясының Басқару институтының профессоры - Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы;

4) Ивета Рейнхольде - философия докторы (PhD), профессор, Латвия университетінің экономика және әлеуметтік ғылымдар факультетінің ғылым бойынша декан орынбасары – Диссертациялық кеңестің мүшесі.

3. 8D03115 – Халықаралық қатынастар («6D020200 - «Халықаралық қатынастар») білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері келесі құрамда бекітілсін:

1) Волков Алексей Юрьевич – тарих ғылымдарының кандидаты, Дипломатия институтының директоры – Диссертациялық кеңес төрағасы;

2) Далелхан Айболат – «Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD), Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Халықаралық қатынастар» кафедрасының доценті – Диссертациялық кеңес төрағасының орынбасары;

3) Шеръязданова Камилла Ғалимовна – «Саясаттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD), Дипломатия институтының профессоры – Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы;

4) Анджей Вержбицки – саяси ғылымдарының докторы, Варшава (Польша) университеті – Диссертациялық кеңестің мүшесі.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Ректорының 2025 жылғы 2 ақпандағы № 63 және 2 қазандағы № 691 бұйрығы күші жойылды деп танылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Академияның ғылыми қызмет жөніндегі вице-ректоры А. Масалимоваға жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ректор

А. Жолманов